

Ақтоғай ауданы бойынша автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын белгілеу және автотұрақтар паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын салықтардың базалық ставкаларын ұлғайту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы 33 сессиясының № 301 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 шілдеде № 3346 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 мамырдағы № 218 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 28.05.2018 № 218 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Автотұрақтардың (паркингтердің) санатына қарай автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген елді мекендердің жерлері үшін салықтың базалық ставкаларының мөлшері осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес ұлғайтылсын.

3. Ақтоғай ауданына жататын автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге базалық салық мөлшерлемесін қолдануға жақын жатқан елді мекендер болып Шашубай, Сарышаған кенті және Ақтоғай ауылы белгіленсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық

мәслихат хатшысы

А. Кұлмағанбетова

М. Онғарқұлов

Ақтоғай аудандық мәслихатының
2015 жылғы 30 маусымдағы
33 кезекті сессиясының
№ 301 шешіміне 1-қосымша

Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

№ р/с	Автотұрақтар (паркингтердің) түрлері	Санаттары
1	Жабық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	1 санат
2	Ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	2 санат

Ақтоғай аудандық мәслихатының
2015 жылғы 30 маусымдағы
33 кезекті сессиясының
№ 301 шешіміне 2-қосымша

Автотұрақтардың (паркингтердің) санатына қарай автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген елді мекендердің жерлері үшін салынатын салықтың базалық ставкаларының ұлғайтылған мөлшері

№ р/с	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Базалық ставканың ұлғаюы
1	1 санат	он есе
2	2 санат	он есе